



II дәрежелі диплом - «Шипагер» үйірме мүшесі Крашенинникова София 251 топ, «Фармация» бөлімі, жетекшісі: Сыдыман Ә.О.

II дәрежелі диплом - «Балдырған» үйірме мүшесі Таласбек Аяулым, Жәнібек қызы Назгуль, Сулеймен Рауан 301 топ, «Мейіргер ісі» бөлімі, жетекшісі Джантасова Р.У.

III дәрежелі диплом - «Инфекционист» үйірме мүшесі Бақыт Диана Саматқызы 317 топ, «Мейіргер ісі» бөлімі, жетекшісі Блейменова Б.Б.

III дәрежелі диплом - «Галилео» үйірме мүшесі Егемберді Назгуль, Алтынбек Ақбота, Болатбек Нұрлы 104 топ, «Емдеу ісі» бөлімі, жетекшісі Құдайбергенова А.К.

III дәрежелі диплом - «Нозология» үйірме мүшесі Альменова Индира Досжанқызы, Орысбеков Дамир Нұрғалиұлы 129 топ, «Емдеу ісі» бөлімі, жетекшісі Бердіш Н.Т.

Номинация иеленгендер:

1. «Флора» үйірмесі жетекшісі Нурбаева Р.Т. «Мазмұнды жұмысы үшін»,
2. «Адал жандар» үйірмесі жетекшісі Тлеуова М.Қ. «Жанашылдығы үшін»,
3. «Скальпель» үйірмесі жетекшісі Даулетов А.М. «Ғылыми ой танытқаны үшін»,
4. «Рефлекс» үйірмесі жетекшісі Орынбек С.А. «Ерекше шығармашылдығы үшін»,
5. «Эврика» үйірмесі жетекшісі Тоқсанбаева Д.Н. «Көгермен көзайымы» үшін.

4 | ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІНІҢ ОТЫРЫСЫ

6.05.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде оқу- әдістемелік кабинеттің ұйымдастыруымен жас мамандарға арналған «Оқытушылардың педагогикалық және психологиялық мәдениеті» тақырыбында әдістемелік көмек көрсету, бағыт –бағдар беру мақсатында «Жас мамандар» мектебінің кезекті отырысы өтті.



Күн тәртібінде:

1. «Биология пәнін оқытуда әдіс –тәсілдерді қолдану» бойынша тренинг сабақ (15-20 минуттық)
Жауапты: «Биология» пәнінің оқытушысы Көбегенова А.Т.
2. «Химия пәнін оқытуда әдіс –тәсілдерді қолдану» бойынша тренинг сабақ (15-20 минуттық)
Жауапты: «Химия» пәнінің оқытушысы Ташмаханбетова А.С.
3. Заманауи технологияларды қолдану бойынша практикум
Жауапты: информатика пәнінің оқытушысы

Султангалиева А.С.

4. Электронды оқулық дайындау бойынша практикум
Жауапты «Анатомия және физиология» пәнінің оқытушысы Шаймерден Қ.С.

5. Психологиялық тренинг

Жауапты: колледж психологы Мухомодиева Н.Е.

5 | ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ



Медицина ғылымдарының докторы, профессор, жүрек-қан тамырлары хирургтері қауымдастығының президенті Жошыбаев Сейтхан Жошыбайұлы 85 жаста.

Алтын қолды дәрігер, «Аңыз адам» Сейтхан Жошыбайұлының құрметіне Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Шипалы қолы - дертке дауа» атты шығармашылық кеш өтті. Ауырталығы мен жақсылығы қатар жүретін өмір өрісінде медицина саласына абыроймен қызмет етіп келе жатқан, бар ғұмырын медицина саласына арнаған атақты ұстаздың жүріп өткен белестері, жеткен жетістіктері мен өміршен идеялары жайлы жазбалары жас ұрпаққа насихатталып, кеш қонақтарының жылы лебіздері тыңдалды.



Мерейлі тойдың қадірлі қонақтары:

1. Ордабеков Сағындық Ордабекович - жоғары санатты хирург және денсаулық сақтау ісінің ұйымдастырушысы, Қазақстан журналистер Одағының мүшесі.
2. Төлебеков Бейсенбай Төлебекович - медицина ғылымдарының докторы, профессор.
3. Сүлейменов Жүсіпбек Ташірбайұлы - Қазақстан Республикасының Ұлттық ғылым академиясының академигі.
4. Мәдиев Өскенбай Қарылбекұлы - техника ғылымдарының докторы, профессор.
5. Оспанова Жанар Мықтыбекқызы - Жамбыл облысы әкімдігінің Денсаулық сақтау басқармасының басшысы.
6. Бастаубаева Жанат Абдуалықызы - Жамбыл облыстық мәслихатының депутаты.
7. Тажибаев Серік Дүйсеналыұлы - доктор экономист, профессор.
8. Төленбаев Мұрат Сауранбайұлы - техникалық ғылымдар докторы, профессор.

Ұлы Абайдың «Толық адам» туралы іліміне лайықты, кемелденген, ішкі жаң - дүниесі бай, асыл адам, кардиохирург Сейтхан Жошыбайұлына зор денсаулық, қажымас қайрат, толағай табыстар мен сәттілік тілейміз! Абыройыңыз әрқашан асқақтай берсін!



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ



БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

1 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ

Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арнайы ЦӘК оқытушылары студенттермен тәрбие сағатын өткізді.

3 | ҮЙІРМЕ ОТЫРЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

2023-2024 оқу жылының үйірме жұмыстары бойынша қорытынды конференциясы өтті.

5 | ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ КЕШ

Алтын қолды дәрігер, «Аңыз адам» Сейтхан Жошыбайұлының 85 жас мерей тойының құрметіне Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Шипалы қолы - дертке дауа» атты шығармашылық кеш өтті.

7 | ОТБАСЫЛЫҚ ЭСТАФЕТАЛЫҚ ЖАРЫС

«Менің отбасым салауатты өмірді жақтайды» атты отбасылық эстафеталық жарыс ұйымдастырылып өткізілді.

2 | АШЫҚ САБАҚ

№3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушыларының және №2 ЦӘК арнайы пәндер оқытушысы Даулетов А.М. ашық сабақ өткізді.

4 | ЖАС МАМАНДАР МЕКТЕБІ

«Оқытушылардың педагогикалық және психологиялық мәдениеті» тақырыбында әдістемелік көмек көрсету, бағыт –бағдар беру мақсатында «Жас мамандар» мектебінің кезекті отырысы өтті.

6 | 7 МАМЫР; 9 МАМЫР; КӨРМЕ; ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ

«Ұлы Жеңіс күні» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, көрсетілді.

8 | ҚҰТТЫҚТАУ!

КОЛЛЕДЖ ОҚЫТУШЫЛАРЫМЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖЕТІСТІГІ.





1 | ТӘРБИЕ САҒАТЫ



2.05.2024 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына арнайы ЦӘК оқытушылары студенттермен тәрбие сағатын өткізді.

«Ерлігін ел ұмытпайды» тақырыбында 104М-9/23 тобымен куратор

Сарыбаева К.К. тәрбие сағатын өткізді. Мақсаты: Жастарға патриоттық тәрбие беру, отан сүйгіштікке үйрету.

«Рақымжан Қошқарбаев- жеңіс туын тіккен қазақ азаматы» тақырыбында 108М-9/23 тобымен куратор Алиева Р.М. тәрбие сағатын өткізді.

«Халық Қаһарманы Рақымжан Қошқарбаев» тақырыбында «Мейіргер ісі» 105М-9/23 топпен Жантохова Г.Н. тәрбие сағатын өтті. Мақсаты: Рақымжан Қошқарбаевтың Ұлы Отан соғысында жасаған ерлігін баршаға насихаттай отырып, батырл патриотизмге, ержүректілікке, отансүйгіштікке, адамгершілікке, намысқойлыққа тәрбиелеу.

Рақымжан Қошқарбаевтың 100 жылдығына байланысты 1 курс білімгерлеріне "Жеңіс туын желбіреткен қайсар қазақ" деректі фильмі көрсетілді. Берлиндегі Рейхстагқа Жеңіс туын тіккен қазақ Рақымжан Қошқарбаев туралы мағлұмат берілді. Жастардың бойында Қазақстандық патриотизмді дамыту мақсатында көрсетілді.



2024 жылы мамырдың 3 күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінде 206М - 9 / 22 тобы студенттерімен топ кураторы Айманбетова Н.А. "Буллингке жол жоқ!" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді. Тәрбие сағатында топ студенттеріне буллинг туралы толық

ақпарат беріп, оның түрлерін, пайда болу белгілерін, алдын алу және онымен күресу жолдары туралы мағлұмат берді.

6.05.2024 ж Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Мейіргер ісі» бөлімінің 204М - 9 / 22 топ студенттерімен 9 мамыр - Ұлы Жеңістің 79 жылдығына арналған «Сіздер жасаған ерлік мәңгі біздің жадымызда!» тақырыбында колледжішілік ашық тәрбие сағаты өтті. Мақсаты: Отанға деген сүйіспеншілігін арттыру, патриоттық тәрбие беру. Ұлы жеңісті дәріптеу.

Жауапты: топ кураторы Абдалимова З. И.



14.05.2024 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжінде тәрбие бөлімінің ұйымдастырумен «Аналар күніне» арналған «Ана –мерекем, ана -берекем!» атты аналарға

және қамқоршы-қорғаншыларға арналған мерекелік концерт- кездесу өтті. Сонымен қатар колледж белсенділерінің дайындаған концертті аналарды қуанып, колледж директоры Ж.Н.Сарыбекова құттықтап, аналарға өз алғысын білдірді.

Концерттік бағдарлама аясында аналарға арналған бейнеролик көрсетілді және де психологиялық тренингтер өткізілді. Аналар өз пікірлерімен бөлісіп, колледж ұжымына алғыстарын білдірді.

Жауапты: әлеуметтік педагог Буксукбаева А.А.

6.05.2024 жылы Жамбыл жоғары медициналық колледжі тәрбие бөлімінің, діни сауаттылықты дамыту кеңесінің ұйымдастыруымен «Діни сауаттылық – қоғам қауіпсіздігі» тақырыбында студенттер арасында ашық сұхбат жүргізілді.



Спикерлер:

1. Атамкулов Батырбек Керимбаевич - Жамбыл облысының «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ инспектор- талдаушысы.

2. Мырзахметов Исламбек Нұрбекұлы - «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ инспекторы. Кездесуде: студенттердің рухани адамгершілік құндылықтарын зерделей отырып, түрлі ағымның тамыр жайып, көбейіп кеткен кезеңінде, ата дініміз жайлы білім болмаса, теріс бағыттың соңынан еріп кету қаупі туралы түсіндірілді.

Жауапты: Діни сауаттылықты дамыту кеңесінің жетекшісі - Байбосынова А.С.

15.05.24 ж. күні Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Goworkinq» орталығында «Оқырмандар отбасы» тақырыбында ата-аналар сағаты өткізілді. Ата-аналар сағатында көрме таныстырылып, ата-аналарға слайд көрсетілді. Қонақтарымызға кітаптың тигізер пайдасы туралы кеңес берілді. Қатысқан барша ата-аналарға өз ризашылығымызды білдірдік.

Ата-аналарға Жамбыл облысынан шыққан ақын-жазушылардың шығармаларынан сұрақтар қойылып, сыйлықтар таратылды.

Ұйымдастырушылар:

Колледж кітапханашылары



2 | АШЫҚ САБАҚ



03.05.2024. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушысы Турматов Ғазиз Нурлыбекович «Дене шынықтыру» пәнінен «Емдеу ісі» 226 ЕФ-9/22 топ студенттерімен, «Баскетбол . Допты алып жүру және

себетке салу тәсілдерін жетілдіру . Айып добы.» тақырыбы бойынша сынама сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты:

Денені сауықтыру мақсатында, студенттердің, қимыл-әрекет қасиеттерінің үйлесімділігінің толық жетілуін қамтамасыз ете отырып, баскетбол добын алып жүру тәсілдерін және себетке лақтыру техникаларын үйрету;

Студенттердің денсаулығын нығайту, спортқа деген қызығушылығын арттыру, спорттық мінез-құлықтарын дамыту.

04.05.2024. Жамбыл жоғары медициналық колледжінің №2 ЦӘК арнайы пәндер оқытушысы Даулетов Абат Мырзакулович «Жалпы хирургия, анестезиология және реанимация» пәнінен «Емдеу ісі» 309 ЕФ-11/22 2- топша студенттерімен, «Қан кету, асқынулары. Уақытша қан тоқтату әдістері» тақырыбы бойынша ашық тәжірибелік сабағын өткізді.



Сабақтың мақсаты:

Студенттерге қансыраудың клиникалық белгілерімен таныстырып, түсіндіру. Уақытша қан тоқтату түрлерін үйрету, қан кеткенде организмде болатын асқынулармен таныстыру. Студенттердің теориялық білімдерін тәжірибеде жетілдіру, дағдыларды қалыптастыру. Студенттерді өз мамандығын сүйеге, мейірімділікке, жауапкершілікке, шапшаңдыққа, әдептілікке және сыпайылыққа тәрбиелеу.



ұзындыққа секіру әдісін жетілдіру » тақырыбы бойынша сынама сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты: Денені сауықтыру мақсатында, студенттердің, қимыл-әрекет қасиеттерінің үйлесімділігінің, толық жетілуін қамтамасыз ете отырып, екпін алып ұзындыққа секіру әдісінің техникаларын үйрету. Студенттердің денсаулығын нығайту, сабаққа белсенділігін арттыру, тспортқа деген қызығушылығын арттыру және спорттық мінез-құлықтарын дамыту.



21.05.2024. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде №3 Жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері ЦӘК оқытушысы Надиров Абылай Мамбетович «Дене шынықтыру» пәнінен «Емдеу ісі» 212 ЕФ-9/22 топ студенттерімен, «Граната лақтыру әдісін үйретіп

жетілдіру (500гр)» тақырыбы бойынша ашық сабақ өткізді. Сабақтың мақсаты:

Денені сауықтыру мақсатында, студенттердің, қимыл-әрекет қасиеттерінің үйлесімділігінің, толық жетілуін қамтамасыз ете отырып, граната лақтырудың тәсілдерін және әдістерін үйрету. Студенттердің денсаулығын нығайту, сабаққа белсенділігін арттыру, төзімділік, шыдамдылық, көрсеткіштерін жетілдіру, спортқа деген қызығушылығын арттыру және спорттық мінез-құлықтарын дамыту.

22.05.2024ж ЖЖМК 103М-9/23 тобымен АӘЖТД пәнінен "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрылымдарының жалпы әскери жарғылары" тақырыбына сынама ашық сабақ өткізілді.



Пән оқытушысы Тулесбаев Өскен Аманович

3 | ҮЙІРМЕ ОТЫРЫСЫНЫҢ ҚОРЫТЫНДЫ КОНФЕРЕНЦИЯСЫ

15.05.2024 жыл Жамбыл жоғарғы медициналық колледжінде 2023-2024 оқу жылының үйірме жұмыстары бойынша «Қазақстан Республикасындағы ерлер денсаулығының - қазіргі мәселелері мен өзекті шешімдері» тақырыбында қорытынды ғылыми – тәжірибелік конференциясы өтті.



Пәндер бойынша 18 үйірме қатысты. . Конференцияға үйірме жетекшілері мен үйірме мүшелері үлкен дайындықпен келіп, дайындаған экспонаттарын, зерттеу жұмыстарын, қолданған әдістерін шеберлікпен мәлімдеме жасап, қорғап шықты. Сараптама комиссиясының қорытындысы бойынша үздік зерттеу жұмыстары I, II, III дәрежелі дипломдармен, алғыс хаттармен марапатталып, сыйлықтар берілді.

I дәрежелі диплом – «Авиценна» үйірме мүшесі Марат Адема 205 топ, «Мейіргер ісі» бөлімі, жетекшісі: Шорманбаева Р.Т.



6 | 7 МАМЫР; 9 МАМЫР; КӨРМЕ; ГҮЛ ШОҚТАРЫН ҚОЮ РӘСІМІ



06.05.2024ж Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Goworking» орталығында «Ұлы Жеңіс күні» тақырыбында көрме ұйымдастырылып, көрсетілді. Ардақты ардагерлер: ақсақалдар, аналар! Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығымен шын жүректен құттықтаймыз.

Жеңіс күні- тарих төрінен орын алатын ұлы мереке. Сіздердің ерліктеріңіздің арқасында біз бүгін бейбіт өмір, бақытты тұрмыс кешудеміз. Сіздерге ұрпақтарыңыз атынан шексіз алғыс білдіреміз. Бәріңізге бақыт пен қуаныш, денсаулық тілейміз! Ұйымдастырушылар: кітапханашылар

06.05.2024ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде №2 ЦӘК «Жалпы білім беру және жаратылыстану ғылыми» пән оқытушыларының ұйымдастыруымен «7 мамыр - Отан қорғаушылар күні» мерекесіне орай колледждің ер азаматтарына арнап құттықтау рәсімі өтті. Құттықтау барысында флешмоб көрсетілді және құттықтау күнтізбесі таратылды.



9 мамыр - Ұлы Отан соғысындағы Жеңістің 79 жылдығына орай Тараз қаласындағы «Қант зауыты» алқабындағы «Даңқ» аллеясындағы ескерткішке гүл шоқтарын қою рәсіміне Жамбыл жоғары медициналық колледжінің директоры Ж.Сарыбекованың

басшылығымен 5 қызметкер қатысты. Қатысушылар Ұлы Отан соғысында ерлік көрсеткен жерлестерімізді еске алып, 1 минуттық үнсіздіктен кейін арнайы лента тағылған гүл шоқтарын ескерткішке қойды.

5-мамыр Дүниежүзілік қол гигиенасы күніне орай «Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Мейіргер ісі» бөлімі ІІ-курс студенттерінің қатысуымен «Таза қол - денсаулық тұтқасы!» ұранымен флешмоб ұйымдастырды.

Флешмоб мақсаты - қол тазалығының маңыздылығын ұғындыра отырып, дұрыс жуу әдісін көрсету.

Қол гигиенасын сақтау – медициналық көмекке байланысты инфекциялардың таралуын болдырмаудың оңтайлы тәсілі. Бұл бір қарағанда қарапайым әрекет, бірақ оны медициналық мамандар арасында сақтамау бүкіл әлемде проблема болып табылады.

Қолыңызды тазалықта ұстап, деніңіз сау болсын! Есіңізде болсын, қолдың тазалығы - бұл сіздің және балаларыңыздың денсаулығының кепілі!

Ұйымдастырушылар: №3 арнайы пәндер «Мейіргер ісі негіздері» пәнінің оқытушылары.

1-маусым- Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 111СД-9/23 топ студенттері мен куратор Бердалиева Э.Б. археологиялық мұражайы бар тарихи-мәдени орталықты аралады.

2024 жылы 1 - маусым халықаралық "Балаларды қорғау" күніне орай 117 ЕФ-9/23 тобымен топ кураторы Омарбаева В.Е. "Жамбыл облыстық тарихи - өлкетану музейіне" барды.

Мақсаты: Білімгерлерге "Балаларды қорғау" мерекесін сезіндіру. Жастық шақтарын бақытты өткізуге, елінің білімді де, тәрбиелі азаматы болуға баулу.

Балалардың бір-біріне деген қамқор пейілдерін арттыра отырып, достыққа, бірлікке тәрбиелеу.

1 - маусым халықаралық "Балаларды қорғау" күніне орай 104, 106 М-9/23 тобымен топ кураторы Сарыбаева Г.Қ. "Жамбыл облыстық тарихи - өлкетану музейіне" барды.

Мақсаты: Білімгерлерге "Балаларды қорғау" мерекесін сезіндіру. Жастық шақтарын бақытты өткізуге, елінің білімді де, тәрбиелі азаматы болуға баулу.

«Тарихы терең Таразым» 1 маусым - Халықаралық балаларды қорғау күніне орай, Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 107М-9/23 топ жіне 123ЕФ-9/23 топ студенттері мен кураторы Токсанбаева Д.Н. археологиялық мұражайы бар тарихи- мәдени «Көне Тараз» орталықты аралады.

7 | ОТБАСЫЛЫҚ ЭСТАФЕТАЛЫҚ ЖАРЫС



Халықаралық отбасы күніне орай және салауатты өмір салтын қалыптастыру бағыты бойынша 17 мамыр 2024 жылы колледждің спорт алаңында “Менің отбасым салауатты өмірді жақтайды” атты отбасылық

эстафеталық жарыс ұйымдастырылып өткізілді.

Жарыстың мақсаты:

- ата-аналар мен балалар арасында салауатты өмір салтын насихаттау;

- отбасы мүшелері арасындағы қарым-қатынасты нығайту.

Жарысқа “Емдеу ісі”, “Мейіргер ісі” бөлімінің (І курс) ата-аналары және студенттері қатысты.

Отбасылық эстафеталық жарысқа бес отбасынан құралған командалар қатысып, өз өнерлерін көрсетіп, өзара сайысқа түсті.

Жарыстың қорытындысы бойынша, “Атамекен” және





“Өнегелі отбасы” командалары “Белсенділік танытқаны үшін” номинациясымен, “Бақытты отбасы” командасының мүшесі Қоқтанов Ержан (әке) “Белсенділік танытқаны үшін” номинациясымен марапатталды. “Бірлік” командасы І орынды, “Мейірімді отбасы” командасы ІІ орын және “Бақытты отбасы” командасы ІІІ орынды иеленіп, студенттер кәсіподақ ұйымы ұсынған бағалы сыйлықтармен және дипломмен марапатталды. Жарысты ұйымдастырушылар: 1. №3 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндер ЦӘК. 2. “Емдеу ісі”, “Мейіргер ісі” бөлімі (І курс).



Чемпионатқа Қазақстан Республикасының 5 медициналық колледжінің, сондай-ақ Қыргыз Республикасының ОшМУ жанындағы медициналық колледжінің студенті

қатысты.

Өңірлік чемпионатта Жамбыл облысының атынан "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК "Жалпы тәжірибедегі мейіргер" біліктілігі, "Мейіргер ісі" мамандығының 410 МІ-9/20 тобының студенті - Данабекова Адиля Саматовна қатысты. Барлық берілген модульдер бойынша жоғары нәтижелерді көрсете отырып, әділ жұлделі 1 орынға ие болды.

Конкурсқа қатысушыны дайындағаны және "WorldSkills Zhetysu – 2024" қозғалысына "Медициналық және әлеуметтік күтім" құзыреті бойынша белсене қатысқаны үшін, ШЖҚ "Талдықорған жоғары медициналық колледжі" МКК директоры С. М. Жансеңгіровтың атынан "Жамбыл жоғары медициналық колледжі" ШЖҚ КМК директоры Ж.Н. Сарыбекова, директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Л.Т. Қуанышбекова, әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Л.К. Мейірманова, клиникалық пәндер оқытушысы Ж. А. Токташева Алғыс хаттармен және сыйлықтармен марапатталды. Жетісу облысы әкімі Б. Исабаевтың атынан "Медициналық және әлеуметтік күтім" құзыреті бойынша Жамбыл облысы бойынша WorldSkills өңірлік сарапшысы С. Г. Бибосыноваға Алғыс хат табыс етілді.



Омбы облысының "Медицина колледжі" бюджеттік білім беру мекемесі ұйымдастыруымен "Мейіргер ісінің мамандары" халықаралық онлайн -олимпиадасында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің "CHOISE" командасына қатысқаны үшін сертификат берілді.



Команда құрамы 311 ЕІ-9/21 тобының студенттері:

Саибова Самира Равильевна, Сейдиш Нургуль Жалмырзақызы, Батырханова Ясминахон Улутбековна, Аскарова Ақмаржан Даулетовна, Болатқызы Нурай. Жетекшісі: Оспанова Эльмира Арипхановна

8 | ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ



11.05.2024 ж Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Алғашқы әскери және технологиялық дайындық» пәнінің оқытушысы Рахмаш Жанкелді Нұртуғанұлы Жекпе-жек ұлттық спорт түрлерінен жастар және ересектер арасында Жамбыл облысының ашық біріншілігінде (AFC3) 65кг

салмақ дәрежесінде жеңімпаз атанып «Чемпиондық белбеу» иегері атанды.

01.12.2023-13.05.2024 ж аралығында Жамбыл жоғары медициналық колледжінің «Дене шынықтыру» пәнінің оқытушысы Оналбаев Әділет Адильханұлы Кәсіпқойлар арасында «МФК Омега» командасы сапында өнер көрсетіп футболдан Қазақстан Республикасының бірінші лига чемпионатында жұлделі 3-орын иеленді.



22.05.2024 жылы Жетісу облысы Талдықорған қаласында "Медициналық және әлеуметтік күтім" құзыреттілігі бойынша "Worldskills Zhetysu – 2024" Өңірлік кәсіби шеберлік чемпионаты

өткізілді. Чемпионатты ШЖҚ Талдықорған жоғары медициналық колледжі МКК Жетісу облысының білім басқармасымен бірлесіп ұйымдастырды.



7 | ОТБАСЫЛЫҚ ЭСТАФЕТАЛЫҚ ЖАРЫС